

**«Bal-Auım2» бөбекжай-бақшасының
2024 –2025 оқу жылының
№1 педагогикалық кеңесі.**

29.08.2024

Тақырыбы: Бөбекжай-бақшаның жаңа оқу жылына дайындығы
Мақсаты: Бөбекжай-бақшаның оқу тәбие жұмысын ұйымдастыру
Қатысқан: 8
Қатыспаған: 0
Педкеңес төрайымы: Ж.Ибрагимова
Хатшы: Ж.Алдабергенова

Күн тәртібінде

1. Педагогикалық кеңестің құрмын бекіту, хатшысын сайлау.
2. Балабақшада педагогикалық ұжымына жылдық жоспары, оқ жоспары, күн тәртібін талдау, талқылау бекіту.
3. Көмекті қажет ететін жас мамандарды анықтап жұмыс жоспарын құру.
Жауапты әдіскер
4. Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту
Жауапты әдіскер

1.Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі:Жұлдыз Ибрагимова

Балабақша меңгерушісі педагогтарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Сондай-ақ педагогикалық кеңестің құрамын бекіту керектігін айтты. 2024-2025 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы кеңес хаттамасын сауатты жүргізіп, баяндама, хабарламалардың материалдарын өз уақытында жинақтап отырғандығын айта отырып, қайта сайлауды ұйғарды.

2.Тыңдалды.- Күн тәртібінде қаралатын екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі.Ж.Ибрагимова жылдық жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен, балабақшаның жұмыс бағыты, мақсат міндетімен таныстырып өтті. Тәрбиешілер өз білімдерін көтеру бойынша жұмыс бағыттарын биылғы оқу жылының міндеттемесіне сәйкестендіріп өзгертіп алғандығын айтып әр тәрбиешінің жеке мәселесіне жеке-жеке тоқталып өтті.

Сөз сөйлеген:- Әдіскер:Ж.Алдабергенова жылдық жоспарда барлық педагогикалық жоспарды жүзеге асыру арқылы, ұйымның мақсат-міндеттері, іс-әрекет және іс-шараларды

өткізетін жауапты адамда нақты көрсетілген. Сол себепті менің ойымша бекітуге болады деп ойлаймын.

Сөз сөйлеген: - тәрбиеші: А.Төлешова 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарының барлық бөлімі нақты көрсетілген. Сондай-ақ балабақшаның жаңа оқу жылына алған мақсат міндеттерін шешуге арналған. Жылдық жоспарды бекіту үшін дауысқа салайық деп ұсыныс жасады. 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарының бекітілуін бір ауыздан қолдады.

3.Тыңдалды: Әдіскер:Ж.Алдабергенова Күн тәртібінде қаралатын тағы бір мәселе жас мамандарды анықтап, көмек көрсету іс-жоспарын бекіту.

Шешім.

- 1)Педагогикалық кеңестің құрамына менгерушісі, әдіскер,тәрбиешілер бекітілсін.
- 2)Педагогикалық кеңес хатшысы болып әдіскер –Жазира Алдабергенова сайлансын

ШЕШІМ:

1. 2024-2025 оқу жылының жылдық міндеттемесімен, жылдық жоспарымен таныстырылып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде ай сайын айлық жоспар жасалынып, жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін.
2. Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, оқу қызметінің жүктемелік кестесі және перспективтік жоспары талданып бекітілді. Ұйымдастырылған оқу қызметі бекітілген оқу жоспары мен жүктемеге, перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін. Жауапты топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.
- 3.Балалардың даму мониторингін қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін индикатор жылына үш рет жүргізілсін. Индикатор жүргізу барысында дидактикалық материалдар мен құралдар қолданылсын. Жауапты әдіскер және топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі қыркүйек, желтоқсан 2024ж, мамыр 2025ж.

ШЕШІМ: Жас мамандармен жұмыс кестесі құрылып – жүзеге асырылсын

Жауапты :Әдіскер

- 1.Оқу барысында, көрнектіліктер жыл мезгіліне байланысты безендірулер жасау.
- 2.Қысқа мерзімді жобаларды жүзеге асыру.